

Раушангүл МУКАШЕВА

МАЖАРСТАН

В статье рассматривается историческое развитие и географические особенности Мажарстана. Описывается культура, научные достижения и выдающиеся личности мажарского народа.

Makalede Macaristan'ın kahiplaşma tarihi ve coğrafi özellikleri incelenir. Ayrıca macarların kültürü, ilim dahindaki yeniliklerle aydın şahıslar da ele alınır.

Мажарстан Еуропаның орталығында *Карпат ойпатында* орналасқан. Аумағы бүкіл Еуропаның 1 пайызын алып жатыр, 93.030 км². Оның 19%-ын орман көмкерген. Жеміс-жидекті бақтар мен жұзімдіктер көздің жауын алады. Құнарлы мажар топырағының 66 пайызы ауыл шаруашылығының үлесінде. Халқының саны 10 956 000. Дунай бөліп жатқан Буда және Пешт деген көне қалалар 23 әкімшілік ауданнан тұратын елдің қазіргі астанасы Будапешті құрайды. Будапештің аспалы көпірлері, жасыл жекелек оранғаш Буда тауы, көне ғимараттар қаланың көркін келтірсе, мұражайлар мейтеатрлар – ұлттық мәдениеттің ажары.

Мажарстанның ірі қалалары Сегед, Печ, Дебренец, Мишкольц, Дьер. Олар – ірі мәдениет және білім орталықтары.

Европалықтар Дунайды *көгілдір Дунай* дейді. Бұл өзен Будапеште қара сұр боп ағып, батысқа қарай шынымен де көгілдір тұске енеді. Ал елдің ең үлкен өзені Тисаны *аққұба Тиса* (блондинка Тиса) деп атайды. Бұл тенеуге Тиса суының мөлдірлігі, шыныдай тазалығы себеп болса керек. Мажар жерін үзден басқа Көрөш, Темеш, Марош өзендері суғарады. Елдегі балық шаруашылығының дамуы осы өзендердің байлығын көрсетеді.

Мажарлардың тағы бір мактанышы – Балатон көлі. Оны Еуропада *Мажар теңізі* (венгерское море) деп те атайды. Жазда бұл көлдің жағажайында әлемнің әр түкпірінен келген туристер демалады. Бұдан өзге Фертө, Веленце деген көлдері бар.

Төрт ұлттық қорық (Хортобади, Кишкуншаг, Бұк, Аггтелек, Фертө-Ханшаг) – мажар халқының табиғи қазынасы. Мажарлар туған жерінің табиғатын аялап ұстап, қызығыштай қорғайды. Себебі мажар халқына бұл көркіне көз тоймайтын сұлу жерге коныстану, оны сақтап қалу онайға тиген жоқ. Оған тарих күә.

Көшпендейлердің Мажарстанның қазіргі территориясына келуі мажарлардан көп бұрын басталған. IV ғасырда (430 жылы) *Паннонияда* (бұрынғы Рим империясының провинциясы) ғұндар патшасы *Аттила* өз ордасын тігеді. Аттила қайтыс болған соң да, оның данқы Еуропада қалып қояды. Кейін келген мажарларды да европалықтар Аттила патшаның үрпақтары деп таниды. Аттила халықтың жадында ер тұлғалы, жауынгер жержүрек батыр, ақылды, жомарт патша ретінде қалады. Халық азызы оны

былай деп мадактайды: «Аттила қара торы өңді, қара отты қөзді, кең кеуделі, паң жүрісті, аласа бойлы, барлық ғұндар сияқты сақалын өсірген адам еді. Көзсіз батыр емес, керісінше, шайқаста айлакерлігімен қозге түсетін. Дене күші мен сымбаты бірдей болатын. Ақ қоңылді, кең пейілді жан еді. Жарқыраган қаруы, жинақы шатыры ұқыптылығын көрсететін. Қолы өте ашиқ береген еді, сондықтан да жат елдің ұлдары да оны жақсы көретін. Суықтығы мен қаталдығынан ғұн жауынгерлері қатты қорқатын». Оның әскери данқы Құдай қамшысы (Аттила – бич божий) болып ұлықталса, жорықтары ерлік пен қайсарлықтың естелігіндегі.

Ғұндардан кейін 567-568 жылдары Паннонияға келген аварлар көшпенділердің тағы бір толқыны еді. Бүгінге дейін сақталып, Мажарстан мұражайларынан орын алған авар мәдениетінің, қолөнерінің ескерткіштері – көшпенділер өркениетінің озық болғандығының дәлелі.

Орал тауының баурайында Еділ, Тобыл өзендерінің аралығында көшіп жүрген мажардың көне тайпалары Еуропаға бірнеше дүркін қоныс аударған. Мажарлардың соңғы көші Карпат алқабына IX ғасырда – 895 жылдары барыпты. Алмоштың ұлы Арпад бастаған жеті тайпа Паннонияға келіп орналасқан. Эрине, мажарлар жаңа Отанды оңайшылықпен иеленбейді. Қазіргі мекендеріне қанды шайқастар, ұрыстардың нәтижесінде қол жеткізеді. Көшкен жеті тайпаның бірінің аты Медьер екен. Сол медьер сөзі өзгере келе мадияр, мажар болған. Халықтың, елдің аты мадияр деп аталып. медьер сөзі бір тайпаның аты, жер-су атауы ретінде қоса сақталған. 1996 жылы мажар халқы Еуропаға қоныстануының 1100 жылдығын тойлады.

Х ғасырда бірінші мажар мемлекеті құрылады. Тарихшылар бұл оқиғаны тұра 1000-ының жылмен белгілейді. Рим шіркеуінің колдауымең Арпад ұлы Иштван (Сент Иштван – Қасиетті Иштван) осы мемлекеттің королі болады. Себебі аңыз бойынша жеті тайпаның көсемдері қандарын бір ыдысқа тамызып: «Өміріміздің сонына дейін көсеміміз, ұрпактарымыздың көсемі Алмош көсемнің тұқымынан болады. Егер кімде-кім антты бұзатын болса, оның қаны дәл осылай, біз ант етіп ішкен қызыл қандай ақсын», – деген ант берген екен.

Мажар тарихындағы тағы бір маңызды оқиға – XIII ғасырда монғол шапқыншылығы кезінде Дешті Қыпшақтан Көтен батыр (кейде Қотаң делинеді) бастаған алпыс мың қолдың Карпатқа, қазіргі Мажарстан аумағына ауғаны. Олар Батыс Қазақстанның ұстімен көшкенде жол-жөнекей көптеген рулар мен тайпалар қосылып отырған. Сөйтіп Кавказ арқылы өтіп, мажар королінің қол астына енген. Корол оларға қоныстануға, жер берген. Қыпшақтар Дунай жағасының ну орманын, көлді жерлерді тандамай қазак даласына келетін, жайылымға ыңғайлы қырлы, қыратты жерлерге қоныс тепкен. Оларды Еуропада күндар, құмандар деп атаған. Осы ұғымдар географиялық атаулар ретінде калыптасқан. Батыста Кииқунишак – Кіші Қыпшак жері – Дунай мен Тисаның арасы, шығыста – Надъкунишак – Ұлы Қыпшак жері (бүгінгі Колбаз ауданы), орталығы – Қарсақ.

Қыпшақтар немесе құмандар Мажарстанда алты қаланы мекендейген:

Қарсақ, Кунхедиеш, Туркеве, Киш Уисалом, Кунмадарош, Кунсентмартоң.

Бұл жауынгер халықтан батыстағы дүшпандар қатты сескенген көрінеді. Сондықтан қыпшақтардың мажар жерінде өмір сүруі елдің қауіпсіздігі үшін қажет еді. Мажар королі қыпшақтарға ерекше жағдай туғызып, алым-салықтардан босатыпты. Олар ешқашан басыбайлы шаруалар (крепостной шаруа) болған емес. Олар өздерінің тілін үш жүз жылдай, XVI ғасырға дейін, сақтады. Қыпшақтар қазіргі мажар халқының он екі пайызын құрайды. Мажарлар бүкіл қыпшақтарды туыс деп біледі.

Дунай жағасына барған қыпшақ тайпалары мыналар: береш (қазақша беріш), черкес (шеркештер), һалаш (алаш), тоқсаба (қыпшақ тоқсабалар), тазлар (таздар). Мажарстандағы қыпшақтардың арасында шортан деген ру да бар. Сол ру-тайпалардың негізі қазақ жерінде қазірге дейін сакталған.

Мажарстандағы көптеген жер атаулары қазақтарға аудармасыз-ақ түсінікті: Өттөмөш (қазақша Өтеміс), Сатьмаз (Сатпас), Карцаг (Қарсақ), һарқакөтен (Арқакөтен), Кечкемет (Ешкімет), һалаш (Алаш), Надышеркеш (Ұлышеркеш).

Мажарстанға келетін қазақ қана емес, бүкіл қыпшақ халықтары Қарсақтың сыртындағы Ұлы Қыпшақ қорғанына ат басын бүрмай кетпейді. Бұл қасиетті қорғанда қыпшақ батырлары жерленген. Қорғанда алты бағытқа бетін бұрып тұрған балбалдар бар. Олар жоғарыда аталған алты қалаға қаратылған. Балбалдар 1995 жылы орнатылған.

Мажарстанда Көтен батырға құрмет ерекше. Қарсақ қаласында оның атында көше бар. 2001 жылы қала орталығында қыпшақ батырына ескерткіш орнатылды. Ескерткіш Қазақстан Елшілігінің қатысуымен үлкен салтанатпен ашылды. Қарсақ қаласындағы Қазақстан Құрметті консулдығының болуы – мажар қыпшақтарына деген туыстық көңілдің айғағы.

Әйгілі түркітанушы, тегі қыпшақ, Қарсақта дүниеге келген Иштван Мандоки Конгур құман тілі, оның мажар мәдениетіндегі іздері туралы көңзерттеулер, мақалалар жазды. Өкінішке орай, ғалымның «Мажар ескерткіштеріндегі кун тілі» деген жалғыз кітабы жарық көрді. Монголияға, Орта Азияға, Қазақстанға жасаған саяхаттарында жинаған ұшан-теңіз материалдарды кітап етіп жазуға ғұмыры жетпей қалды.

Мажар тілі фин-угор тілдерінің угор бұтағына жатады. Сөздік құрамында 500 түрік сөзі, 500 славян сөзі, 150 фино-угор сөзі бар. Ал қыпшақ тілінен қалған 30 сөзді (алма, балта, сақал, сабын, арқан, арық т.б.) қазақтар аудармасыз-ақ түсінеді. Мажар тілінде қыпшақ сөздерінің саны бұдан едәуір көп екендігі туралы Мандоки енбектерінде жазылған.

XIII ғасыр қыпшақтардың көшімен аяқталмайды. Іле-шала (1241-1242) Батый шапқыншылық жасайды. Одан кейінгі ғасырлардағы тарихи оқиғалар реті мажар халқының азаттық үшін құреспен өткен жанкешті өмірін баяндайды. Түріктер 1541 жылы Буданы алып, ел үшке бөлініп, үлкен бөлігі түріктердің қолына көшеді. 1683-1699 жылдары Габсбург патшасының көмегімен ел түріктерден азат етіледі. Габсбургтер ұстемдігі (1686-1790) орнайды. 1703-1711 жылы II Ракоци Ференц бастаған көтеріліс жеңіліспен

аяқталады. Тек 1848 жылдың 15 тамызында басталған көтерілістің нәтижесінде мажарлар тендікке қол жеткізеді. 15 тамыз – Мажарстанда ұлттық мейрам. Австрия-Венгрия монархиясының астанасы Венадағы корол екі елге ортақ еді. Бірақ бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін бұл монархия күйрейді.

Мажарстан тарихындағы көңілсіз оқиға 1920 жылы болады. Трианон бейбіт келісімі бойынша бұрынғы Мажарстан территориясының үштен екі бөлігі, 18 миллион халықтың 11 миллионы шекараның сыртында қалып қояды. Мажар диаспорасы – Еуропада негізінен Австрия, Словакия, Румыния, Словения, Хорватия, Украина сияқты мемлекеттерде. Бұған Америка, Африка, Батыс Еуропа, Израил, Австралиядағы мажарлар қосылады. Елдің Конституциясында: «Мажарстан Мемлекеті елден тысқары өмір сүріп жатқан мажарлардың тағдыры үшін жауапкершілікті сезінеді», – деп жазылған.

1922 жылдан Мажарстан социализм жолына түседі. 1956 жылғы бостандық жолындағы көтеріліс бұл жүйенің болашағына зор күмән келтірген батыл құрес еді. 1990 жылы елден Кенес әскерлері шығарылады.

Бұдан кейінгі дәуірде Мажарстан нарықтық экономикада зор табыстарға қол жеткізеді. Соңғы он жылдық – мажар халқы үшін жаңа бетбұрыстар жылы. Мажарстан 2004 жылы 1 мамырда Еуроодаққа мүше болды.

Мажарстан сұлу табиғаты, бай тарихымен ғана ерекшеленбейді. Халқының көп ғасырлық мәдениеті – шынымен де баға жетпес қазына. Мажарлар: «Жеріміздің астында қазба байлығымыз, мұнай, алтыннымыз аз болғанмен, ақыл-ой, рухани қазынамыз баға жеткісіз», – деген мақтаныш сөздерді бос кеудемсоқтықтан айтпайды.

Мажар халқының мәдениетіне келетін болсақ, ол Шығыс пен Батыстың қасиеттерін бірдей бойына сінірген. Азиядағы көне мекендерінен ала келген бай дүниетаным мен европалық көркемдік үйлесім тапқан. Ференц Лист, Имре Кальман, Золтан Кодаи, Бела Bartok сияқты композиторлардың есімін бүкіл әлем мойындаған. Мажар ақындары Ади Ендре, Аттила Йожеф, Шандор Петөфидің, жазушылары Кальман Миксат, Мора Йокай, Жигмонд Морицтің шығармалары – әлем әдебиетінен өзіндік орын алған көркем туындылар. Бұл ақын-жазушылардың шығармалары қазақ оқырмандарына да танымал. Қөшілігі қазақ тіліне аударылған.

Мажарстан ғылымын алсақ, оның жетістігі әлемдік ғылымда үлкен беделге ие. Әсіресе XIX ғасыр мажар ғылымы үшін табысты болды. 12 мажар ғалымы халықаралық Нобель сыйлығының лауреаты атанды. Олардың жетеуі тікелей мажар топырағында ғылыммен айналысқан. Негізінен жаратылыстану ғылымдары (физика, химия медицина және физиология) саласындағы ғалымдар. Бір ғалым экономика саласында ерекшеленеді. Бұл –

Мажарстанды ғылым жөнінен әлемнің қуатты державаларымен теңестіретін салмақты ғылыми женіс.

Мажар ғалымдары – Еуропада алғашқылардың бірі боп Шығысқа бет

бұрған ғалымдар. Себебі, олар өздерінің көне мекені Азияда екенін білді. Атамекендерін іздеді, Шығысқа көп саяхаттар жасады. XIII ғасырдан басталған саяхаттар XIX ғасырда нақты табыстарға ие болды. Шандор Көрөши Шома, Армин Вамбери, Вильмош Диосеги, Алмоши сияқты шығыстанушылар Тибет, Орта Азия, Қазақстан аумағында көптеген нәтижелі зерттеулер жүргізеді. Түркі халықтарымен көптеген рухани, танымдық ұқсастықтарды табады. Мажар халық танымында әлі күнге дейін христиандыққа дейінгі пүтқа табынушы мажарлардың наным-сенімдері күшін жоймаған. Түркі халықтарындағы сияқты аспан шырактарының жерсу, тотемдік жануарлардың күltі мажар азыз-ертегілерінде, поэтикалық ойлау жүйесінде берік сақталған. Мәселен, шамандық Европада мажарлардаға бар. Мажар ғалымы Вильмош Диосеги мажар шамандығын түркі халықтарының шамандығымен байланыста зерттеген. Мажарстанның Қазақстандағы алғашқы елшісі Жүсіп Торма Азиядағы 12 жылғы сапарының нәтижесінде (оның ішінде 7 жыл Қазақстанда) түркі халықтарының мәдениетіне, дәстүріне байланысты мол материалдар жариялады.

Қазақстанның Мажарстанмен байланыстарының осындай рухани негізі қашанда маңызды. Себебі халық пен халықтың, ел мен елдің арасында ең алдымен осындай жылы достық, туыстық қатынас, көзқарас, дүниетаным бірлігі болғандаға шынайы түсіністік орнайды.

RESUME

**Mukasheva R. (Budapesht)
Mazharstan**

**In article deals with historical developments and geographical features
Mazharstan. The culture, scientific achievements and outstanding persons of
Tatar people is described.**